e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде
Редакциялау күні 15.12.2004
Сақтау күні 13.11.2019
Дата редакции 15.12.2004
Дата скачивания 13.11.2019

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 77, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 145 бірлескен қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 5 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 2927. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 173 (V043381) қаулысымен.

Агентство Республики Казахстан по регулированию и надзору финансового рынка и финансовых организаций

# Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2394 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын заңды тұлғалардың есеп беру ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 29 мамырдағы N 179 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күші жойылған

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының л-2)-тармақшасына, "Қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу мен қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 6)-тармақшасына сәйкес, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын заңды тұлғалардың қызмет етуінің ашық болу дәрежесі мен тиімділігін арттыру мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) Басқармасы мен Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын заңды

«РКАО» РМК лауазымды тұлғанын ЭЦК мәліметі бар QR-кол
ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

тұлғалардың есеп беру ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 29 мамырдағы N 179 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2394 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында 2003 жылғы 12-27 шілдеде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспедегі "Заңының 57-бабына" деген сөздер "Заңына" деген сөзбен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын заңды тұлғалардың есеп беру ережесінің:

кіріспесіндегі "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңына " деген сөздер "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы", "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы", "Қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу мен қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Уәкілетті орган - қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.";

4-тармақта:

1) және 2) тармақшаларда "алматы уақытымен" деген сөздер "Астана қаласының уақытымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшада "бесінші жұмыс күні алматы уақытымен 16.00-ден кешіктірмей" деген сөздер "төртінші жұмыс күні Астана қаласының уақытымен 18.00-ден кешіктірмей" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақта:

1) тармақшада "алматы уақытымен" деген сөздер "Астана қаласының уақытымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшада "бесінші жұмыс күні алматы уақытымен 16.00-ден кешіктірмей" деген сөздер "төртінші жұмыс күні Астана қаласының уақытымен 18.00-ден кешіктірмей" деген сөздермен ауыстырылсын;

Күші жойылған

мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес меншік активтерінің құрылымы туралы есепті;";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Есеп қағаз және электрондық тасымалдаушыларда жасалады.";

мынадай мазмұндағы 6-1-тармағымен толықтырылсын:

"6-1. Қағаз тасымалдаушыдағы есеп ерікті нысанда жасалған және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын заңды тұлғаның басшысы қол қойған ілеспе хатпен бірге жіберіледі.";

мынадай мазмұндағы 8-1-тармағымен толықтырылсын:

"8-1. Қағаз тасымалдаушысында ұсынылған есептегі мәліметтер электрондық тасымалдаушыда ұсынылған есептегі мәліметтермен бірдей болуы тиіс.";

1-қосымшаның:

7-жолындағы "күн басталғандағы" деген сөздерден кейін ", оның ішінде:" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 7.1-жолымен толықтырылсын:

"7.1. Тазартылған алтын";

10-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Қаржы инвестицияларының күн аяғындағы құнының барлығы [(7)+(8)-(9)+(11)-(11.3.1)], оның ішінде:";

мынадай мазмұндағы 10.1.-жолымен толықтырылсын:

"10.1. Тазартылған алтын";

мынадай мазмұндағы 11.3.1. және 11.3.2.-жолдармен толықтырылсын:

"11.3.1. Инвестициялық шоттағы ақшаны және басқа активтерді қайта бағалаудан болған кірістер

11.3.2. Қаржы инвестицияларын қайта бағалаудан болған кірістер";

2-қосымшадағы:

Күші жойылған

Зейнетақы активтерінің құрылымы туралы есепті толтыру тәртібінің: төртінші абзацындағы "(бұдан әрі - S.W.I.F.T. жүйесі)" деген сөздерден кейін "сатып алу сәтіне дейінгі кезеңде есептелген сыйақыны қоса алғанда" деген сөздермен толықтырылсын;

6-қосымшаның:

1-бағанындағы:

"Сатуға арналған бағалы қағаздар (күмәнді борыштар бойынша резервтерді шегеріп тастағанда)" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы "Кері РЕПО" операциясы" деген жолмен толықтырылсын;

"Қысқа мерзімді алынған заемдар" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы "РЕПО" операциясы" деген жолмен толықтырылсын;

"Төленбеген капитал" және "Қосымша төленбеген капитал" деген жолдар алынып тасталсын;

3-бағанның атауы мынадай редакцияда жазылсын: "өткен жылдың соңына";

7 және 8-қосымшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"Зейнетақы активтерін
инвестициялық басқаруды
жүзеге асыратын заңды
тұлғалардың есеп
беру ережесіне
7-қосымша

**Кірістер мен шығыстар туралы есеп**

(зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды

жүзеге асыратын заңды тұлғаның толық атауы)

_____ ______________ 20__ жылға

(мың теңгемен)

---

Баптардың атауы |Ес. |Ағымдағы |Есепті|Алдын.|Алдын.

Күші жойылған

|кер.|жылдың ба.|кезең |дағы |дағы
|ту |сындағы | үшін |жылдың|жылдың
| |кезең үшін| |осыған|басын.
| |(өсіп оты.| |ұқсас |дағы
| |ратын жиы.| |кезеңі|осыған
| | нтықпен) | | үшін |ұқсас
| | | | |кезеңі
| | | | |үшін
| | | | |(өсіп
| | | | |отыра.
| | | | |тын жиы.
| | | | |нтықпен)

1 |2 | 3 | 4 | 5 | 6

Комиссиялық сыйақы
оның ішінде:
Зейнетақы активтерінен
болған
Зейнетақы активтері бойынша
инвестициялық кірістен
болған
Орналастырылған салымдар
бойынша сыйақы түріндегі
кірістер
Бағалы қағаздар бойынша
сыйақы (купон/дисконт)

Күші жойылған

түріндегі кірістер

Бағалы қағаздар бойынша

өзге де кірістер

(шығындар) (нетто):

оның ішінде:

Бағалы қағаздарды сатып

алудан-сатудан болған

кірістер (нетто)

Саудаға арналған және сатуға

қолда бар бағалы

қағаздар құнының өзгеруінен

болған кірістер (нетто)

"кері РЕПО" операциялары

бойынша кірістер

Шетел валютасын қайта

бағалаудан болған кірістер

(шығындар) (нетто)

Ассоциацияланған

компанияларға

инвестициялардан

болған кірістер

Өзге де кірістер

Кірістердің жиынтығы

Комиссиялық шығыстар

Бағалы қағаздар бойынша

сыйақы (сыйлықақы)

түріндегі шығыстар

Күші жойылған

"РЕПО" операциялары

бойынша шығыстар

Алынған заемдар

бойынша шығыстар

оның ішінде:

Қаржы лизингі бойынша

Күмәнді борыштар бойынша

резервтерге (провизиялар)

шығыстар

Күмәнді борыштар бойынша

резервтерді (провизиялар)

қалпына келтіру

Жалпы және әкімшілік

шығыстар

оның ішінде:

Ағымдағы салықтар және

бюджетке төленетін басқа

да міндетті төлемдер

(корпоративтік табыс

салығынан басқа)

Қызметкерге шығыстар

Жарнамаға шығыстар

Ағымдағы жалдау бойынша

шығыстар

Амортизациялық аударымдар

Өзге шығыстар

Шығыстардың жиынтығы

Күші жойылған

Салықтар төленгенге дейінгі

болған кіріс (шығын)

Корпоративтік табыс салығы

Салықтар төленгеннен кейін

болған кіріс (шығын)

Таза кіріс (шығын)

Төтенше жағдайлардан

болған кіріс (шығын)

Азшылық үлесі

Азшылық үлесін ескере

отырып таза кіріс (шығын)

---

Бірінші басшы [қолы]      Бас бухгалтер [қолы]

Мөр орны

Орындаушы [қолы, телефон нөмірі]

Зейнетақы активтерін
инвестициялық басқаруды
жүзеге асыратын заңды
тұлғалардың есеп
беру ережесіне
8-қосымша

200 ___ жылғы _____ ___________ жағдай бойынша

(жанама тәсіл)

(зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды

жүзеге асыратын заңды тұлғаның толық атауы)

ақша қозғалысы туралы есебі (жанама әдіс)

(мың теңгемен)

---

Күші жойылған

Баптардың атауы |Ес. |Ағымдағы |Алдын.
|кер.|жылдың ба.|дағы
|ту |сындағы |жылдың
| |кезең үшін|басын.
| |(өсіп оты.|дағы
| |ратын жиы.|осыған
| | нтықпен) |ұқсас
| | |кезеңі
| | |үшін
| | |(өсіп
| | |отыра.
| | |тын жиы.
| | |нтықпен)

---

1 |2 | 4 | 6

---

Операциялық қызметке
байланысты түскен ақша
және төлемдер
Салық салынғанға дейінгі
таза пайда (шығын)
Ақшалай емес операциялық
баптарға түзетулер:
Оның ішінде:
Амортизациялық аударымдар
және тозу
Болуы мүмкін резервтер

Күші жойылған

бойынша шығыстар

Шетел валютасымен

операциялар бойынша

бағамдық айырма түріндегі

жұмсалмаған кірістер мен

шығыстар

Алуға сыйақы түріндегі

есептелген кірістер

Сыйақы төлеміне арналған

шығыстар

Ақшалай емес баптарға

арналған басқа түзетулер

Операциялық активтер мен

міндеттемелердегі

өзгерістерге дейінгі

операциялық кіріс (шығын)

Операциялық активтердің

азаюы (көбеюі):

Ұзақ мерзімді дебиторлық

берешектің көбеюі (азаюы)

Сатуға арналған қолда бар

бағалы қағаздардың көбеюі

(азаюы)

Алдағы кезеңдер

шығыстарының көбеюі (азаюы)

Қысқа мерзімді дебиторлық

берешектің көбеюі (азаюы)

Күші жойылған

"Кері РЕПО" операцияларының
көбеюі (азаюы)
Саудаға арналған бағалы
қағаздардың көбеюі (азаюы)
Өтеу мерзімі үш айдан артық
мерзіммен орналастырылған
салымдардың көбеюі (азаюы)
Басқа активтердің көбеюі
(азаюы)
Операциялық
міндеттемелердегі көбею
(азаю):
Ұзақ мерзімді кредиторлық
берешектің көбеюі (азаюы)
Алдағы кезеңдердің
кірістерінің көбеюі (азаюы)
Қысқа мерзімді кредиторлық
берешектің көбеюі (азаюы)
"РЕПО" операцияларының
көбеюі (азаюы)
Басқа міндеттемелердің
көбеюі (азаюы)
Операциялық қызметтен түскен
ақшаның көбеюі (азаюы)
Корпоративті табыс салығы
Салық салынғаннан кейінгі
операциялық қызметтен

Күші жойылған

түскен ақшаның көбею

(азаю) жиынтығы

Инвестициялық қызметке

байланысты төлемдер

мен ақшаның түсуі

Өтелгенге дейін ұсталатын

бағалы қағаздарды

сатып алу (сату)

Негізгі құрал-жабдықтар мен

материалдық емес активтерді

сатып алу

Негізгі құрал-жабдықтар мен

материалдық емес активтерді

сату

Басқа заңды тұлғалардың

капиталындағы инвестициялар

Басқа келіп түсулер және

төлемдер

Инвестициялық қызметтен

түскен ақшаның ұлғаю

(азаю) жиынтығы

Қаржылық қызметке

байланысты келіп түскен

ақшалар және төлемдер

Акцияларды шығару

Борыштық бағалы

қағаздарды шығару

Күші жойылған

Акциялар мен қатысу
үлестерін алу немесе өтеу
Алынған заемдар
Акциялар бойынша
дивидендтерді төлеу
Басқа келіп түсулер
және төлемдер
Қаржы қызметінен түскен
ақшаның таза көбею
(азаю) жиынтығы
Есепті кезең үшін түскен
ақшаның таза көбею (азаю)
жиынтығы
Кезеңнің басындағы
ақша қалдығы
Кезеңнің соңындағы
ақша қалдығы

---

Бірінші басшы [қолы]        Бас бухгалтер [қолы]

Мөр орны

Орындаушы [қолы, телефон нөмірі]";

9-қосымшаның "Төленбеген капитал" және "Қосымша төленбеген капитал" деген бағандар алынып тасталсын.

2. Осы бірлескен қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

3. Агенттіктің Стратегия және талдау департаменті (Еденбаев Е.С.):

Күші жойылған

1) Агенттіктің Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы бірлескен қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға алсын;

2) осы бірлескен қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің, Ұлттық Банктің мүдделі бөлімшелеріне, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын заңды тұлғаларға, жинақтаушы зейнетақы қорларына, "Активтерді басқарушылар қауымдастығы" Қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

4. Ұлттық Банк басшылығының қызметін қамтамасыз ету басқармасы (Терентьев А.Л.) осы бірлескен қаулыны алған күннен бастап үш күндік мерзімде оны Ұлттық Банктің баспа басылымдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е. Бахмутоваға (3-тармақ бойынша) және Ұлттық Банк Төрағасы Ә. Сәйденовке (4-тармақ бойынша) жүктелсін.

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкінің Төрағасы

Қазақстан Республикасының

Қаржы нарығын және қаржы

ұйымдарын реттеу мен қадағалау

жөніндегі агенттігінің Төрағасы

Күші жойылған